

«ШОМШАҚТЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ » КММ

ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023 ЖЫЛ

Шомшақты жалпы білім беретін мектебінің педагог ұйымдастырушысы  
Мустафаева Перизаттың  
2023-2024 оқу жылындағы жарты жылдық есебі

Мақсатым: Оқушылармен жыл бойы тәрбиелік бағытта жұмыс жүргізе отырып, оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығын арттыру. Отан сүйгіштікке баулу.

«Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. I жарты жылдық жоспары оқу жылының басында жасалып, бекітілген.

ДТІЖО, мектеп тәлімгерімен, психологпен, әлеуметтік педагогпен, бірлесіп жүргізетін жұмыстардың жоспары жасалып, бекітілген. Жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетейін.

01.09.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, Білім күніне орай «Мектеп-мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға 1-11- сынып оқушылары түгел қатысты.

Мақсаты: Оқушыларды білімге ұмтылуға, еңбексүйгіштік және Отаншылдық тәрбиелеу.

Мерекелік іс-шара 1-қыркүйек алғашқы қоңырау салтанатты жиын және бірыңғай адалдық сағаты ұйымдастырылды. Мемлекеттік Әнұранмен басталып, салтанатты шараны мектеп директоры Қ.Қ.Қаратаев құттықтау сөз сөйлеп ашып берді. Салтанатты жиынға қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ғ. Бердиев, зейнеткер ұстаздар Б.Мустафаева, Қ.Оспанова, Қ. Төлегенов шақырылды.

Салтанатты жиынан соң, сынып жетекшілер Адалдық сағатын өткізді. Мектеп табалдырығын ең алғаш рет аттаған балалар үшін бұл күн өте маңызды, көптен күткен күн. Бүгінгі оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу.

I-қыркүйек Білім күніне орай алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өз дәрежесінде өтті. Өткізілген адалдық сағаттар мектептің әлеуметтік желелеріне түгел жарияланды.



12.09.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, отбасы күні, 1-11- сынып оқушылары арасында «Отбасы – бақыт мекені» атты сынып сағаттары, отбасылық сайыстар, челлендж өткізілді. Отбасы туралы эссе жұмыстары жазылды, сурет байқау жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

«Мейірімділік әлемінде» атты 1-5-сыныптар арасында сурет байқауы өтті. «Менің отбасым – менің байлығым» атты 6-8-сыныптар арасында челлендж, 9-11-сыныптар

арасында «Мен және отбасым» отбасылық сайыстар ұйымдастырылды. Отбасылық сайыс кезеңдері: «Сан сұраққа саяхат» сұраққа жауап беру. «Кім шапшаң, кім жылдам?» «Айырмашылығын тап» сөздерден түс аттарын шығару, жұмбақ шешу, ұлттық тағамдар жасау кезеңдерінен тұрды.

Сынып жетекшілер «Отбасы – бақыт мекені» атты сынып сағаттарын өткізді. Тәрбие-отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алды мен ата-ананың ықпалымен қалыптасатынын оқушы өз сөздерімен еркін жеткізе білді. Тәрбие отбасынан басталатынын ескере отырып, оқушыларға отбасы туралы жан-жақты мағлұматтар берілді. Адам бойындағы мейірімділік, адамгершілік сезім ең алдымен туған бауырлары мен ата-анасына деген махаббаттан басталатынын оқушыларға түсіндіру үшін қанатты сөздерді талдап, бейне көрсетілім көрсетілді. Оқушылар отбасы туралы өлеңдерін мәнерлеп айтып, отбасына деген мейірімін ояту үшін «Ана», «Әкешім» әндерін орындады.

Байқаудың сурет, видеолары мектеп инстаграм, фейзбук парақшаларына жарияланды.



20.09.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілерімен бірлесе отырып,

ҚР «Баланың құқықтары туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары» туралы конвенцияны талқылау, балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың (булинг, кибербулинг, ерте жүктілік) алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру. ҚР Конституция баптарын біліп, құрметтеуге үйрету.

Мектептегі оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың (булинг, кибербулинг, ерте жүктілік) алдын-алу мақсатында, АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты С.Амиров және Зертас ДА дәрігері Жүрербек Айсұлу Шомшақты жалпы білім беретін мектебіне шақырылып, баяндама жасады.

Білім беру ұйымдары және полиция басқармасы, Зертас ДА дәрігері жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар айтылды.

Мектептегі оқушылар арасындағы құқықбұзушылық (булинг, кибербулинг, ерте жүктілік) туралы

АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты С.Амиров оқушылардың түнгі мезгілде көшеде әсіресе, компьютерлік ойынханаларда жүрмеуі, жол жүру ережелерін сақтау, өзінен кіші оқушыларға әлімжеттік жасамау, сабақтан тыс уақытта ата-аналардың балаларға көңіл бөліп қадағалау керектігін атап өтті.

Шомшақты жалпы білім беретін мектебінде жыныстық тиіспеушілік, ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында 8-11 сынып қыздары арасында, мектепте оқитын кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында жүктіліктің алдын алу және отбасын жоспарлау туралы репродуктивті сауаттылықты жоғарылату жөнінде санитарлы-ағарту жұмысын жүргізу мақсатында «Қыз баланың бой жетуі» атты Жүрербек Айсұлумен кездесу болып өтті.

Зертас ДА дәрігері А.Жүрербек жас буын өкілдеріне керек емес жүктіліктің болашағына, денсаулығына тигізер кері әсері туралы толыққанды мәлімет берді.

Физикалық, биологиялық, әлеуметтік тұрғыда жетіліп үлгермеген нәзік жандылардың дүниеге дені сау ұрпақ әкелуі де екіталай дүние. Ал жасанды түсік болашақта бала сүю мүмкіндігін төмендетеді, яғни бедеулікке апарып соқтырады. Жасанды түсік жасататын қыздардың 30%-ы онкологиялық, гинекологиялық ауруларға шалдығып жатады. Арақ-шарапқа, темекіге әуес бақылаусыз жеткіншектер осы қадамға біртабан жақындау болып келеді.

Қыздарды сөзге тартып, өздерін ойландырып жүрген сұрақтарын ортаға салуға мүмкіндік бере отырып, Айсұлу Жүрербек кәмелет жасына толмаған жастардың аяғын аңдап басудың басты алғышарттарымен таныстырды. Ерте жастағы жүктіліктің ең алдымен денсаулығына кесірін тигізсе, болашағына балта шабатыны турасында ұғынықты етіп түсіндірді.



10.10.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, мектеп кітапханасында қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жылдығына орай, «Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) атты 1-11-сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Кітап оқуға құлшынысы аз қазіргі жастарға кітаптың маңыздылығын түсіндіру, сонымен қатар жастардың уақытын тиімді пайдалана отырып, жастарды кітап оқуға шақыру. Қоғам қайраткері С.Көбеевтің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Кітапқа қызығушылық танытқан мектеп оқушылары шын ықыластарымен кітаптарды оқып, бір-бірлерімен ой бөлісті.

Шара барысында, С.Көбеевтің өмірі мен шығармалары жөнінде айтылып, оқырмандарға слайд көрсетілді, викториналық сұрақтар қойылды, қатысушылар сұрақтарға жауап қайтарып, сый-сыяпаттарын алып жатты және мектеп оқушылары қазақ ақыны өлеңдерін образға кіре отырып сомдап, көпшіліктің қошеметтеріне бөленді. 1-4-сынып оқушылары ақынның шығармаларымен танысып, өмірі жайлы бейнеролик көрді. Кітапханашы

Базарбекова Рита кітаптары мен шығармаларына шолу жасады. 5-8-сыныптар арасында «Біз оқыдық, Сен оқы» атты оқырмандар арасында кітап алмасу акциясы өтті. 9-11-сыныптар арасында шығармаларын талдап, дөңгелек үстел өткізді. Өткізілген іс-шара бойынша мәліметтер мен суреттер әлеуметтік желілерге жарияланды.



13.10.2023 жылы «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша «Ұлы дала перзентімін» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 9-11-сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: Отансүйгіштікке, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Елін, жерін, байлығын қорғауға, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Сынып сағаты үй тапсырмасы «Ыстық орындық» стратегиясы арқылы, өз-өзіне деген сенімділіктерін нығайту мақсатында «Өз-өзіне мақтау сөз» жаттығуы арқылы басталды. «Пазл» әдісі арқылы берілген суреттермен сынып 2 топқа бөлінді. «Ой шақыру» мақсатында Бейнеролик көрсетілді. Мұғалімнің кіріспе сұрағы. Балалар бейнероликтен не көрдіңдер? Онда кімдер бар? Сендер бүгінгі сабақтың тақырыбы не деп ойлайсындар? деген сұрақтар қойылды. 1-тапсырма. «Жұптасып-ойлан-бөліс» әдісі. Оқушылар мәтінді тындап, онда не айтылғаны жөнінде ой бөліседі. Шығармадағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, алған әсерімен бөліседі, болжайды, негізгі ойды анықтайды. Әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында термин сөздерді түсіндіріп, ауызша мәтін құрады. 2-тапсырма «Серпілген сауал» Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды қойылды. Сұрақ: 1. Шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты автордың ойына қандай баға берілді. Бейнеролик көрсетілді. Жұптасып-ойлан-бөліс» әдісі арқылы оқушылар өз ойларымен бөлісті. Мадақтау (Жарайсың! Өте жақсы, тамаша) сөздерімен мадақталды. «Серпілген сауал» әдісі арқылы сабақты қорытындылады.

18.10.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Кідіріс жаса, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда» атты 1-4-сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Жолда жүру ережесін қатаң ақтауға, жол белгілерін білуге үйретеміз.

А) «Жол белгілері» 1-сынып

Ә) «Біздің сенімді көмекшілеріміз» 2-сынып

Б) «Мен жүргізуші болсам» 3-сынып

В) «Жол ережесін біз үйренеміз және кішіге үйретеміз» 4-сынып арасында сынып сағаттары өткізілді.




Шомшақты жалпы білім беретін мектебінде, педұйымдастырушысының 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сай әр бір сынып тәрбие сағаттарына кіріктіріліп «Жол белгілері», «Біздің сенімді көмекшілерміз», «Мен жүргізуші болсам», «Жол ережесін біз үйренеміз және кішіге үйретеміз» тақырыбында өткізілді. Жол ережесін біз үйренеміз және кішіге үйретеміз тақырыбында 9- сынып оқушысы, бастауыш 4- сынып оқушыларына мектептегі ұйымдастырылған әрқашан есінде сақта , бұрышымен таныстырып жолда жүру ережесін түсіндірді.

Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың

- жол бойында қалай болса солай жүріп,
- доп қуалайтыны,
- ролик тебетіні,
- жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны,
- қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады екен.

Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқилатын «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тындап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды де түсіндірді



26.10.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, 5-11-сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты: Отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым қатынасты нығайту. Салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. Оқушылардың бойында ата-аналарға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру, ата-ананың бала өміріндегі ролін түсіндіру, ата-ананы құрметтей, сыйлай білуге тәрбиелеу.

Дөңгелек үстел түрлі сұрақтар қою арқылы басталды.

1. Жанұяда бала тәрбиесіне кім жауапкершілікпен қарайды?

2. Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде мектеп жауапкершілігі басым ба?

3. Қыз баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па, әлде қатаң тәрбиелеген дұрыс па?

4. Баланы еркелеткен кезде жиі айтылатын «сөзі»? Оқушылар мен үшін әке..... туралы жазып шығады "Тығырықтың шығу" әдісі бойынша ситуациялық сұрақтар қойылады.

1. Сіз үйде тығыз бір жұмыс істеп жатырсыз. Балаңыз сіздің өзіне көңіл аударғанын қалайды. Сіз не істейсіз?

2. Егер балаңыз қандайда бір теріс іс-әрекеттер көрсетсе, сіз балаңызға қандай шара қолданар едіңіз? («Әке туралы» видео ролик көрсетілді.) «Әке» деген сөз қандай жақын, қандай ыстық десеңші! Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек қой.

Сабақтың соңы 5 минут оқушылар өз әкелеріне өлең арнап аяқтады.

Рефлексия: Біз бүгінгі ашық тәрбие сағатымыздан нені ұқтық және бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар? Алдарындағы стикерлерге сабақ туралы нені меңгердіңдер соны жазып үміт ағашына барып жабыстыру арқылы сабақтан алған әсерлерін білдірді.



02.11.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Әкеге-ізет, анаға –құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) аясында, 1-4 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: Балаларға отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін, әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру. Отбасындағы әке орнын, ролін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу; Оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу.

Сабақтың басы әке туралы түсінік беруден басталды. Әке-жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу кез келген баланың перзенттік борышы. Әкесіз бала-жетім. Әке- асқар шын, бақыттың алтын бағы. Әке- баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Ол бала үшін барын аямайды, аялап тәрбиелейді, болашағына үнемі бағыт-бағдар беріп отырады.

Халық ер адамды сыйлай білмесе тексіз деп атайды. Әке отбасының асыраушысы. Әкенің мінез-кұлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Бала мен әке ынтымағы болмаған жерде әке жылуы сезілмейді. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. «Бір бала бар-атаға жете туады, бір бала бар-кері кете туады» деген тұжырымға сай баланың қандай болмағына негіз қалайтын әкенің өзі. Сабақтың ортасы мақал-мәтелдің жалғасын табу айдарымен жалғасты. Сабақтың соңы әкеге ізгі тілектерін білдірумен аяқталды.



23.11.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында тимбилдинг өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларға Қазақстан ассамблеясы туралы түсінік беру. Халықтар достығы туралы білімдерін дамыту. Оқушыларды бірлікке, татулыққа шақыру. Елін, жерін, тілін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Қоғамдық тұрақтылықпен ұлтаралық татулықты одан әрі нығайту.

Қазіргі заманымыздың басты мақсаттарының бірі – жас ұрпаққа саналы тәрбие беру. Осы орайда саналы тәлім-тәрбие мен берекеге баулитын ортаның маңызы зор. Мектебімізде 4 ұлт өкілі оқиды. Бірлік пен татулықтың құндылықтарын нығайту мақсатында, тарих пән мұғалімі А. Бейсеева мен орыс тілі пән мұғалімі Г. Мустафаева «Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі» атты 5,6,8-сынып арасында сынып сағатын өткізді. Тимбилдинг барысында жиналған оқушылар еліміздің рухани және ұлттық құндылықтарын, бай тарихи және мәдени мұрасын, этносаралық татулықты сақтаудың маңыздылығы туралы ой пікірлерімен бөлісті.

Видиоролик көрсетіп, Ассамблеяның қызметі, Ассамблея туралы заң, Ассамблеяның негізгі міндеттері туралы түсіндірілді. «Ой қозғау» мақсатында «20 сөз» әдісін пайдаланып, топтық жұмыс жасады. Бұл бөлімде оқушылар суреттерді құрастырып, сөйлемдер құрастырды. Әр оқушы өз ой-пікірлерін білдірді. Одан кейінгі бөлімде «Ұшақ» әдісін пайдаланып, сұрақтарға жауап берді. Қорытынды бөлімде «Тәуелсіздік» сөзінің әр әріпіне өлең шумақтарын құрастырып, ән шырқап аяқтады.



10.11.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Жақұты барға жасын түспейді» «Балалар кітапханасы» жобасы аясында, 10-11-сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді. 10 қараша күні мектеп кітапханасында ағымдық жоспарға сай, «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Жақұты барға жасын түспейді» тақырыбында Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына 8-11 сыныптармен «Кемелдің өмір кемесі» атты танымдық сабақ өткізілді.

Сабақ барысында оқушыларға детектив жанрының көшбасшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Кемел Тоқаевтың өнегелі өмір жолы, еңбекқорлығы мен адами қасиеттері туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру мақсатында жас ұрпаққа өткен ғасыр тоғысындағы тұлғалы азаматтардың Отан, ел алдындағы адал, ардақты, жанқияр еңбектері насихатталды.



14.11.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған 7,10-сынып арасында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: «Сыбайлас – жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білуге әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие беру.

Сынып сағаты :

1. Ұйымдастыру кезеңі

2. Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік
3. Видио көрсетілім
4. Викториналық сұрақтар
5. Жағдаяттық тапсырмалардан тұрды.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 10-сынып дайындаған видеоролик көрсетілді. «Жемқорлық –ғасыр дерті» атты сурет иллюстрациясы ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік берілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңдардан мұғалім түсінік берді. Викториналық сұрақтармен жалғасты. Жағдаяттық тапсырмалар беріліп, оқушылар сахналық қойылым қойды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саяхат жөнінде барлық білімдері бойынша әр топқа жеке тапсырма берілді.



30.11.2023 жылы «Біртұтас тәрбие» Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, мектеп оқушылары арасында «Мен елімді әнге қосып, мақтан етемін!» айдарымен әскери-патриоттық ән байқауы өткізілді. Байқауға 4-10-сынып оқушылары қатысты.

Байқаудың мақсаты: Оқушыларды патриоттық, ұлтжандылық сезімдерін қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін арттыра отырып, өнерге баулу. Жаңа патриоттық әндерді үйрену, көпшілік алдында өнер көрсетіп, өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру.

Байқау шарты бойынша оқушылар «Отан», «Қазақстан», «Туған жер» тақырыбында жанды дауысты ән шырқау және сахна мәдениеті, орындалатын әнге байланысты киім үлгісі қаралды. Байқау жеңімпаздары әділ қазылар арасында келісім бойынша анықталды. Сонымен қатар «Бауыржанның тоғыз қасиеті» қойылымын 9-сынып оқушылары көрсетті. 7-сынып оқушылары Бауыржан Момышұлының нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерін жатқа айтты.

Бас жүлдемен 7-сынып оқушылар марапатталды. I орынмен 4-сынып оқушысы Бегзатхан Бегзада марапатталды. II орынды 9-сынып оқушылары иемденді. III орынмен 6-сынып оқушылары марапатталды. 5-сынып «Туған жер» өлеңімен, 6-сынып оқушылары «Көк тудың желбірегені» өлеңімен, 8-сынып «Рух» өлеңімен, 10-сынып «Ән салшы сарбазым» атты өлеңдерімен түрлі номинациялармен марапатталды.



08.12.2023 жылы, Шомшақты жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жоспарына сәйкес дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерімен 1,2,3,4-сынып ата аналары арасында «Отбасы – тәрбиенің Алтын бесігі» атты отбасылық спорттық сайыс өткізілді.

Сайыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ата-ана мен бала арасында спорт мәдениетін кең тарату. Салауаттану-адам жанының да, тәннің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Толағай отбасылық сайыс кезеңдері:

1. Сәлемдесу, топты таныстыру, топтың ұраны.
  2. Спорттық сайыстар
    - А) доп алып жүру
    - Ә) секірмекпен секіру
    - Б) кедергілерден өту
  3. Теннис шаригін алып жүру
  4. Асық ату
  5. Арқан тарту ойындары қамтылып, жеңімпаздары марапатталды. Іс –шарада қауіпсіздік ережесі толықтай сақталды. Ойынға дайындау мақсатында денені шынықтырып, қыздыру жаттығулары жасалып төрт командаға бөлініп ойын ойнады. Жоспарға сай өз нәтижесін көрсете білді.
- Отбасылық сайыс, түрлі көңілді эстафеталарға толы болды. Ата аналар мен балалардың арасында өткен қызықты сайыс отбасының бірлігін нығайтып, әрі салауатты өмірге тәрбиелеуде. Әділқазы алқасы сайланып, әділ бағалары берілді. Әділқазылардың шешімі бойынша, жарыс қорытындысы бойынша «Қыран» тобы Ақмалхандар отбасы бас жүлдемен марапатталды. Тастан отбасы, «Тұлпар» тобы I орынға ие болды. Машурупхан отбасы, «Бәйтерек» тобы II орынды иеленді. Әсербай отбасы, «Сұңқар» тобы, III орынға ие болды. Жеңімпаз аталған барлық отбасылар алғыс хатымен және ауыспалы кубоктармен марапатталды.



24.11.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, педагог ұйымдастырушы Мустафаева Перизаттың ұйымдастыруымен «Үш тілділік қажет пе?» тақырыбында 10-11-сынып оқушылары арасында АПФ форматта мектепшілік дебат пікірсайысы өткізілді. Екі топ қатысып, қарардағы негізгі сөздердің мағынасын ашып, өзекті мәселелерді көрсетіп, негізгі идеяны ашатын маңызды ойларды айтты. Осы мәселе бойынша артықшылығы мен кемшілігін атап көрсетті. «Өз тілің-бірлік үшін, өзге тіл-тірлік үшін» дегендей көп тіл білетін адам көп нәрсеге қол жеткізетіндігі туралы айтылды. Қалаған жерде жұмыс істеуге мүмкіндік мол екендігі, артықшылығы айтылды. Бәсекеге қабілетті елдермен теңесу үшін үштілділік қажет екендігі айтылды. Қарсы тарап пікірінше бастауыш сыныптарда баланы ана тілінде оқыту жөн, осы сыныптарда баланың ақыл-ойы мен дүниетанымының негізі қаланады деген қарсы пікір айтылды.



23.11.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында тимбилдинг өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларды бірлікке, татулыққа шақыру. Елін, жерін, тілін, сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу. Қоғамдық тұрақтылықпен ұлтаралық татулықты одан әрі нығайту.

Қазіргі заманымыздың басты мақсаттарының бірі-жас ұрпаққа саналы тәрбие беру. Осы орайда саналы тәлім-тәрбие мен берекеге баулитын ортаның маңызы зор. Мектебімізде төрт ұлт өкілі оқиды. Бірлік пен татулықтың құндылықтарын нығайту мақсатында тарих пән мұғалімі А.Бейсеєва мен орыс тілі пән мұғалімі Г.Мустафаєва «Қазақстан халқы Ассамблеясы –татулық пен бірліктің кепілі» атты 5,6,8-сынып арасында сынып сағатын өткізді. Тимбилдинг барысында жиналған оқушылар еліміздің рухани және ұлттық құндылықтарын, бай тарихи және мәдени мұрасын этносаралық татулықты сақтаудың маңыздылығы туралы ой пікірлерімен бөлісті.

Видиоролик көрсетіп, Ассамблеяның қызметі, Ассамблея туралы заң, Ассамблеяның негізгі міндеттері туралы түсіндірілді. «Ой қозғау» мақсатында «20 сөз» әдісін пайдаланып, топтық жұмыс жасады. Бұл бөлімде оқушылар суреттерді құрастырып, сөйлемдер құрды. Әр оқушы өз ой-пікірлерін білдірді. Одан кейінгі бөлімде «Ұшау» әдісін пайдаланып, сұрақтарға жауап берді.

Қорытынды бөлімде «Тәуелсіздік» сөзінің әр әрпіне өлең шумақтарын құрастырып, ән шырықп аяқтады.



08.12.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, отбасында ата –ананы құрметтеу мақсатында, 1-11-сынып оқушылары мен ата –аналарымен «Отбасы –тәрбиенің -Алтын бесігі» тақырыбында тәрбие сағаты кездесу түрінде өтілді. Бұл тақырып отбасы күніне арналды. Тәрбие сағатының мақсаты отбасындағы қарым –қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау болды. Сол мақсатқа жету үшін бала мен ата –ананың бірлесе отырып, жұмыс жасауы мәселелерді шешу жолдары қарастырылды. Тәрбие сағаты мына жоспар бойынша өтілді.

1. Шаттық шеңбері ( оқушылар тілегі)
2. Сұрақ-жауап
3. «Адамгершілік» бейнеролигі
4. «Мен отбасыммен мақтанамын» (презентация)
5. «Сызат» бейнеролигі
6. «Көңіл-күй айнасы» ( бейнеролик)
7. «Отбасылық құндылық ағашы» (шығармашылық жұмыс)
8. М.Әлімбаев «Ата –ананың үміті» (қорытынды) «Сіздің үйде отбасы мүшелерінің орны қандай, соларға лайықты көңіл аударып жүрміз бе?»-деген сұраққа ата-аналар өз үйлерінде болған жағдайларды мысалға ала отырып, отбасындағы ана мен қызының, әке мен ұлының жақындығы жайлы әңгімелейді. «Адамгершілік бейнеролигін тамашалап, өз ойларымен бөлісті. Әр оқушы өзі дайындап келген слайд түрінде жасаған презентацияларын әсерлі жеткізе білді. «Сызат» бейнеролигін көріп, балаларына ақыл кеңестерін аямай, отбасында орын алған кикілжің жағдайларында шыдамдылық, төзім, сабырмен шешілетіні жайлы сыр шертті. «Отбасылық құндылық ағашы» ана мен бала болып, бірлесе отырып, қорғады. Осы аталған іс-шаралардың барлығы орындалып, нәтижесінде бала мен ата-ананың және мектептің арасындағы байланыс нығая түсті деп сеніммен айтуға болады.

13.12.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен « Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізілді. («Еңбегі адал жас өрен»)жобасы аясында командалық кездесу өткізілді.

Кездесудің мақсаты – жастардың патриоттық сезімін ояту. Мектептер мен басқа да білім ордаларында өзге ұлт өкілдері арасындағы толеранттылықты дамыту, жеке тұлғалық пен мәдениеттілікті, құқық қорғау және жеке бас бостандығы ұғымдарын түсіндіру.

Оқушыларды «Қоғамдық келісім» КММ-сінің өкілдерімен кездесіп, «Достық үйімен» таныстырды. Оқушыларға мәжіліс залында өткен Қазақстан Халқы Ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктері туралы дәріс оқылды. Дәрісте жастарға жылы тілектерін айтылды. Кездесу барысында қатысушыларға медиация туралы түсінік берілді. Үш тілді меңгеру тақырыбы да қозғалды. Дәріс соңында қатысушылар арасында викториналық ойындар өткізілді. Белсенділік танытқан оқушыларға Қазақстан Халқы Ассамблеясының арнайы футболкалары, бас киімдері мен төсбелгілері берілді. Кездесуден кейін қатысушылар «Достық үйінің» мұражайына саяхат жасады. Оқушылар мен студенттер іс-шарадан ерекше әсер алды. Іс-шара соңында оқушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын айтып, кездесуден алған әсерлерімен бөлісті.



20.12.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Қазақстан – біртұтас жер, бір тұтас халық, бір тұтас болашақ» («Жеткіншектің жеті жарғысы») жобасы аясында 5-сынып жетекшісі Бейсеева А. «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Сабақтың мақсаты: Жас ұрпаққа қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына байланысты, тіл байлығы оқушылардың тіл туралы танымдық деңгейін көтере отырып, тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы, ол атадан балаға мұра болып қалып отыратын баға жетпес мұра екенін түсіндіру. Қазақ халқының қанына сіңген ізгі адамгершілік қасиеттерін халықтың салт-дәстүрімен сабақтастығын көрсету. 10-сынып жетекшісі Балқыбекова Л. «Өнегелі өмір» тақырыбында тимбилдинг өткізді. Тимбилдинг мақсаты: Оқушыларға әдеби кейіпкерлер, ұлы бабалар, қазақтың салт-дәстүрін тереңірек таныстырып, оқушыларды ізгілік пен іздепаздыққа, дүниетанымын кеңейтуге, білімділікке баулу, қазақтың ырымдары, тыйым сөздер арқылы тәрбие бере отырып, тәрбиені бүгінгі күнмен байланыстыра білу. Сабақ соңында оқушылар тақырыптық эссе жазып, өз ойларын нақтылады.



28.12.2023 жылы, «Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, «Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) аясында 5-11-сыныптар ата-аналар жиналысы өтті. 5-11-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Таным. Тағылым. Тәрбие» атты ата - аналар жиналысы өткізілді. Жоспарға сай ата-аналар әр жас ерекшелігіне қарай бүгінгі таңдағы отбасындағы проблемаларды болдырмау, бала тәрбиесінің жаңа қырларын, құндылықтарға көзқарасты өзгерту, баланың жан -дүниесіне үңілу бағыттарын сынып жетекшілермен бірлесе отырып талқылады. Оқушылардың оқу тоқсанының қорытындысы мен қыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата - аналарға тренинг ұйымдастырылып, оқушылардың өмір қауіпсіздігіне байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қолхат алынды. «Біртұтас тәрбие» жоспарына сәйкес ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету мақсатында «Ашық есік» күні өткізілді. Бұл күні ата-аналар мектепке келіп, мектеп өмірімен танысып, балаларының сабақтарына қатысып, мамандардан кеңестер алып, кері байланыс жасады.



1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарға қуаныш сыйла» атты баяндама, линейкада , яғни үлкен үзіліс кезінде оқушылар назарына ұсынылды. Бұл мереке барлық әлемде аталып отетіні туралы айтылды. Оқушылар қайырымдылық жасады. 1-11-сыныптар арасында «Адалдық сағаттары» өткізілді.

3 қазан – Халықаралық ұстаздар мерекесіне орай оқушылар «Өзін-өзі басқару» ұйымы «Дублер күнін» өткізді. Бір күндік күнделікті сабақ жоспарын жазып, ұстаздардың орнына өздерін қойып көрді. Ұстаздардың қызметінің қаншалықты ауыр екеніне көздерін жеткізіп, мың да бір алғыстарын білдірді. Адалдық сағатын зейнеткер ұстаз Мустафаева Балакүл ап, Оспанова Қанипа апа, Қаратаева Қалия апа арнайы шақырылды.

«Ұстаздар» күнінің 2-жартысында «Ұстаз ұлы тұлға» атты мектепшілік іс-шара өткізілді. Іс-шара жоғары дәрежеде өтілді. Оқушылар ұстаздар қауымына өз ақ тілектерін білдірді. Ұстаздарға арнап оқушылардың жүректі жарып шыққан өлең жолдары оқылды.

«Ұстазым» әні оқушылардың орындауында хормен орындалды. Нәрікбай Шахизаданың орындауында «Ардақты ұстазым» әні көпшілікке тарту етілді. «Гүлдер биі» 5-сынып оқушыларының орындауында тамаша биленді. Кеш барысында оқушылар арасында «Букет жасау» ойыны ұйымдастырылды. Жоғары сынып оқушыларымыздың тамаша биімен кешіміз қорытындыланды. Соңы ұстаздардың банкетіне ұласты.

Қараша айының 4- аптасында оқушылардың тазалығы жөнінен жалпы мектепшілік бақылау жүргізілді. Тексеруге мектеп медбикесі, тәлімгер, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагогтар қатысты. Барлық сыныптардың тазалығы жақсы, талапқа сай, сыныптар таза, бастауыш сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай, жоғары сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай келе қоймайды. Шаштары өскен, тырнақтары таза, Барлық сыныпқа ескерту берілді.

1 желтоқсан – СПИД-пен күрес күніне орай жоғары сыныптарға «СПИД – ғалам қасіреті» атты баяндама оқылды. «СПИД – қауіпті дерт» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

«Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, Оқушыларға ЖҚТБ жайлы көптеген мәліметтер бере отырып, осы қатерлі ауруға жоламауға, жәнеде жаман әдеттерден яғни шылым, арак, насыбай, есірткі сияқты зиянды заттардан аулақ болуды, әр күн сайын естеріне түсіріп отыру қажет. Осы тақырып аясында оқушылар біріншіден ЖҚТБ деген не? Оның таралу жолдары қандай? Одан қалай сақтану керек? Осы жайында айта отырып салауатты өмірге тәрбиелеу.

**Есіртке мен ЖҚТБ - ға жол жоқ!!!**

Есірткі адамға ұрлық жасауға апарды

Есірткі көптеген аурулар туғызды

Есірткі отбасын бұзады

Есірткі қолданатын адам ең ұзаса 7 жыл ғана өмір сүреді.

Есірткі адамның рухани дамуына кедергі жасайды

Бір бөлмеде ЖҚТҚмен ауыратын адаммен болу қауіпті емес. Қан тамырына дәрілерді енгізу кезінде басқа біреудің инесін қолдануға болмайды.


Бір бутербротты жеу арқылы ЖҚТҚмен ауруы мүмкін емес.

ЖҚТҚмен ауыратын адамды құшақтау қауіпті.

ЖҚТҚмен ауруға болады: егер қоғамдық әжетханамен қолдансаң

АҚТҚ мен ЖҚТҚ ауруларының белгілері бірдей. ЖҚТҚмен ауруға болады: егер саған

ЖҚТҚмен ауыратын адам түшкірсе немесе жөтелсе. оқушыларға жұғу жолы және қауіпсіздігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



«Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, Шомшақты жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында желтоқсан оқиғасына орай «Тәуелсіздік тарихы» атты мектепішілік іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты: Желтоқсан оқиғасы арқылы жүздеген жылдар бойы

бабаларымыздың армандаған егемендігіне қол жеткізгендігімізді, осы тәуелсіздікке қол жеткізу жолында талай боздақтарымыздың жалған айыппен шейіт болғандығын көрермендерге жете ұғындыру, оқушылардың дүниетанымын кеңейту. Желтоқсан оқиғасына қатысқан жауқазындарды еске ала отырып, олардың ерліктері жөнінде мәлімет беру.

Іс-шара үш бөлімнен тұрды. Оқушылар желтоқсан жауқазындарына арнап өлең оқып, желтоқсан құрбандары туралы мәлімет айтып өтті. Екінші бөлім «Айтуға оңай» тақырыбында жүргізілді. Үшінші бөлімде оқушылар тәуелсіздік күніне арналған шағын концерт құрды.



«Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, "Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзін көресің" - деген екен дана халық. Қайырымдылық - халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Шомшақты жалпы білім беретін мектебінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында 1-11-сыныптар арасында жәрмеңке өткізілді. Оқушылар өздері дайындап әкелген тағамдарын қол жетімді бағамен сатылымға шығарды. Мектеп оқушылары мен мұғалімдері белсене қатысты. Акция аясында демеушілердің мұқтаж балаларға көмектесуі ұйымдастырылып, әлеуметтік жағдайлары төмен оқушыларға, аз қамтылған, көп балалы отбасылары анықталып, оларға керекті мектепке қажетті құрал жабдықтар үлестірілді.

Айлық кезінде мектеп ұжымы жомарттық танытып, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға мектепке қажетті оқу құралдарымен

қамтамасыз етті. Сонымен қатар айлық барысында «Қайырымдылық асыл – қасиет» тақырыбында 1–11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Акцияға осы аталған мектеп ұжымы, ата – аналары жомарттық танытып, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары, ата-ана қамқорынан тыс қалған балалар мен көпбалалы отбасынан шыққан балаларды оқушы формасы, сөмке, аяқ киім және оқуға қажетті құралдармен қамтамасыз етті. “Көп түкірсе көл” деген емес пе? Қайырымды жандар біріксе, кез-келген ауыртпалықты жеңуге болады екен.

Ата-аналар осындай сауапты іске ұйытқы болған мектептің әлеуметтік ұстазына, мектеп ұжымы мен жомарттық танытқан ата-аналарға зор алғыстарын алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдіруде.

«Біртұтас тәрбие» жоспарына сай, Шомшақты жбб мектебінде тәрбие жұмысының жоспары бойынша, Шомшақты жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында 28-желтоқсан күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Нурмаханбетова жаңа жыл мерекесіне орай өткізілетін іс-шаралар жоспарын жасап, бекітті. Өзін-өзі басқару ұйымының қолдауымен мектеп ғимаратын мерекелік безендіру шаралары ұйымдастырылып, мерекелік шырша орнатылды. 1-4-сыныптар арасында «Аяз ата бізде қонақта», 5-7-сыныптар арасында «Шырша аясындағы әуендер» атты мерекелік іс-шарасы болып өтті. 8-11-сыныптар арасында «Балмаскарад» өтті. Іс-шара жоғары деңгейде өтіліп, ата-аналар белсенді қатысты. Балалар жаңа жылда түрлі ертегі кейіпкерлерімен жүздесіп, ән шырқап, би биледі. Жаңа жылдық ертеңгілікте мектеп директоры Қ.Қаратаев құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларды жаңа жылдарымен құттықтады. Жаңа жылдық ертеңгілікте Мыстан кемпір, Сикыршы және Ханзада мен Ханшайым кейіпкерлері балалармен бірге көңіл көтерді. Балалар ертегі кейіпкерілерімен бірге ертегілер еліне саяхат жасады. Жаңа жыл жоғары деңгейде өтіліп, әр сынып өз өнерлерін көрсетті. Шара соңында балаларға түрлі ойыншықтар мен жаңа жылдық сыйлықтар үлестірілді. 03.01.2024 күндері аралығында рейдтік жұмыстар атқарылды, мереке күндері мектепшілік кезекшілік ұйымдастырылды.

